

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің музыка  
циклограммасы**

**«Ботақан» орта тобы 3 жас**

**Тәрбиеші: Өнерхан Алмагүл  
Қанағат Гүлнұр**

**2025-2026**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.	
<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	Тақырыбы: «Менің балабақшам»	
<b>Күні:</b>	Қыркүйек I-апта	
<b>ТОП:</b>	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды. Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүзгіруге дағдыланады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> қуыршақ, бір шоқ гүл, <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Балабақша деген не? Сендерді таңертең кім қарсы алады? Бұл жерде не істеміз?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</b>	«Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М. Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алу. Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы Біздің балабақшамыз! Педагог өлеңдерді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді үйрету <b>Сұрақ - жауап</b> -Балабақша туралы қандай тақпақ өлең білесіңдер? -Балабақшада не үйренесіңдер? Сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу.	



*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Мен әдепті баламын»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қыркүйек II-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүзгіруге дағдыланады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>		
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру *3-5 минут</b>	<i>Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев) Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шырқөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету</i>	<i>қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс .....минут</b>	<i>Дид ойын: «Тату достар». Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді. -Кімнің қандай өнері бар? -Кім билегенді ұнатады? <b>Дауыс жаттығулары:</b> Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау. <b>Ән үйрену: «Мен әдепті баламын»</b> Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді. түсінеді. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады. <b>Сергітужасаттығуы:</b></i>	

	<p>Ойна, ойна, ойнайық,  Биле, биле, билейік.  Ойынойнапкөңілді,  Қызыққатоймайық!  <b>Қим ойын: «Досыма гүл сыйлаймын»</b>  <b>Шарты: Шеңберде тұрып, гүлді қатарға берген сайын, гүлдерді толықтырып отыру..</b></p> <p><b>Ойын: «Алтын қақпа».</b> Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтайды.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Бүгінгі ҰІӘ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.  ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.  белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.</p>	

Ұсыныс: Балалардың нәзік жүзін ескеру, мұқият нәзікші болу

Әдіскер: Жаңа Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
АЧ Өнерхан Алмагүл  
К Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)</b>	
<b>Күні</b>	<b>Қыркүйек ІІІ-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді. Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады. Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<p><b>Балалар:</b>өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді.</p> <p><b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b>қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.</p> <p><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Ойыншықтарды қалай ұстау керек? Ойыншық бізге не үшін керек? Ойыншықтар неден жасалады?</p>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут</p> <p><b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут</p>	<p>Әуенді –дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады.</p> <p>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.</p> <p>Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады.</p> <p>Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.</p> <p>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.</p> <p>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.</p>	қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.
<p><b>ҰІӘ-нің ортасы</b></p> <p><b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут</p>	<p>Музыкатыңдау:«Мәшине» (К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев)</p> <p>Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену.</p> <p>Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.</p> <p>Жол ережелері туралы түсінік беру.</p> <p><b>Ән айту:</b>«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)</p> <p>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.</p> <p>Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру.</p>	



**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>Кәне,қызық ойынбар</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қыркүйек IV-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	<i>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманыңкөңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса би қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй,шаттық сезімін ояту.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыка ырғағына сай жұптаса билейді; Шығарманы эмоциямен қабылдайды; Әннің көңілді сипатына сай сүйемелдеумен ән айтады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Балаларды көңілді қарсы алады. Кәне, кәне, тұрыңдар, Үлкен шеңбер құрыңдар! Қанаттыкең жайыңдар! «Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) қайталауды ұсынады. Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.</i>	<i>мәшине,бағдаршам суреттері,нотахре стоматиясы.</i>
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<i>Музыкатыңдау:«Мәшине»(К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев) Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру. Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай) Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау. «Жай және жылдам» ойыны (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай және тез аяқ топылдау. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.</i>	
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>	<b>Қорытындыбөлім.Рефлексия</b> <i>Бүгінқандайәнтіндедыңдар?</i>	

<b>Рефлексия</b> ..... минут	- Кімге билегенунады? - Алкімге ойыннады? Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, қоштасып, көңілді шығарып салу.	
---------------------------------	--	--

Ұсыныс мәді зерттеумен бірге тапсырма пайдалану.

Әдіскер: Камза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

АА Өнерхан Алмагүл  
17 Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	<i>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</i>	
<b>ҰІӘтақырыбы:</b>	<b>Менің жанұям</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қазан I-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	<i>Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, жанұя сөзінің мағынасын түсіндіру. Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айта алады. Қайырмасында аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды. Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап әнді аяқтайды Би қимылдарында тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдылардың үйренеді</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады. Әркім өз отбасы туралы айтады. Сөздік жұмыс: Татулық, отбасы, балақан, алақан Пікір алмасу сұрақтары: Отбасы деген не? Отбасымызда кімдермен бірге тұрамыз?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Өткен үйі әнді қайталап айтып, қимылмен жасайды.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрап, жауап беруге мүмкіндік жасау, анам, әкем деген сөздерді айтқызып, әже, ата сөздерін айтуға жетелейді.</i>	<i>Балалар музыка залында күліп отырған әжені айнала жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<i>Балалар мен бәріңнің әжелеріңмін қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасыңдар. Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (музыкасын жазған Ә, Бейсеуов, сөзін жазған Н. Арынова) -Сендердің ауылда әжелерің барма, келіп тұрама? -Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Дауыс жаттығулары: «Әлди-әлди», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. Әже балаларға жаңа ән ала келген екен. Жаңа ән: «Топ- топ балақан» (музыкасын жазған Н.Арынбаева, сөзін жазған А.Асылбек) әні орындалады.</i>	<i>отбасы бейнеленген суреттер</i>

	<p>-Ән кімдер туралы айтылған. Әже әнді өзі орындап береді.  Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді.  «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдаты, содан соң алақандарын шапалақтайды.  Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды.  «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде екі қолды аспанға көтереді.  Әуенді-ырғақты қимыл: «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).  Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.  Рефлексия  .....минут</p>	<p>Әже балалармен қоштасады.  Әже балаларды мақтайды, марапаттайды.</p>	<p>Әжемен қоштасады.</p>

Ұсыныс Балаларды мақтап, марапаттау.

Әдіскер: Қайып Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ал Өнерхан Алмагүл  
Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Күзгі еңбек»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қазан II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортағы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Күзгі адамдардың еңбегін түсіндіре отырып, музыка арқылы күзгі көріністі бейнелеу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшықимылдарын жасауға талпынады. Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұрады	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады. Пікір алмасу сұрақтары: Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (до, ре, ми, фа, соль, соль, ля, ля, соль) Ән тыңдау: «Тамшылар» (М.Жәутікөв). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!» Бұлойдан балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. Балаларды зал бойымен жеке-жеке төрт қатарға тұрғызады, өз орындарын, кімнің артында, кімнің алдында екенін көріп алулары керек. Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!» - деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді. Бұл тапсырманы ойын ретінде залға келген сайын ойнатып үйретсе, балалар еркін тұруға қалыптасады.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	Балаларға интерактивті тақта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді: вальс, полька, марш, қазақ биі. Опера және балет театрының бейне таспасынан үзінділерді тыңдайды, көреді. Жанр түрлерін қайталап айтқызу, үйрету. Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды. Музыка тыңдау:	бейнетаспа, опера үзінділері, ұнтаспа, желпуіш.

	<p>«Қамажай (өңдеген Н. Меңдіғалиев).  Балалардың қолына түрлі - түсті желпуіштер таратады.  Өте баяу музыка – сарытүс. Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақишыл жасыл.  Көтеріңкі - жасыл  Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді.  Дауыс жаттығулары: фа, фа, ми, ре, до Жоғары дыбыс - қызыл.  Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды  «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.  Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б. Ерзакович, Ш. Ахметов).  Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді.  Би: «Кел, билейік» (Б. Байқадамов, М. Әлімбаев).  Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.  Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

Ұсыныс Тамашалар, күз туралы әнді қимылмен көрсету.

Әдіскер: Ғайф Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Ал Өнерхан Алмагүл  
Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Күзгі орман»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қазан III-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Балалар әуенмен жүруді, биырғақтарын қайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман» суретінеқарап, орманда қандай аңдардың бар екенін айтады. Білетін аңдардың қимылынсалып жүруге тырысады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар:Орман туралы, ондағы өздері білетін аңдар туралы айтады. Күз мезгілінде табиғат құбылыстары туралы қойған сұрақтарға жауап береді. <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> Сүйемелдеумен, сүйемелдеусіз, қарқын, екпін. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Күзде ауа – райы қандай болады? Жапырақтардың түсі қандай түске енеді? Қалай киінеміз?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасыменқарсы алу. Шеңбермен жүруді,жүгіруді, жеңіл биырғақтарын үйрету. «Күзгі орман» суретінбалаларға көрсетіп,орманда қандайаңдардың мекендейтінінсұрайды. - Өздерің білетінаңдардың қимылын салыпкөрсетіңдерші. - Балалар, бәріміз біргекузгі орманға атарбагаотырып барайықшы: Атарбага мінеміз, Күзгі орманға келеміз. Аңдарменен дос болып, Саңырауқұлақ тереміз, - деп балалардыотырғызады.	қуыришақтар, Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн.
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыка жетекшісібалаларды музыкатыңдауға отырғызады, сипаттарын түсіндіреді. «Жанрды ажырат»әуенді-дидактикалықойыны арқылы ән тыңдап,жанрын ажыратуғаүйретеді. 1. «Сәби қуанышы»(Е.Құсайынов) – көңілдіырғақ. 2. «Мерекелік марш»(Б.Дәлденбаев) - жігерлі. 3. «Вальс» (Қ. Шілдебаев)- сабырлы. «Баспалдақпеншығамыз»(Е. Тиличеева) жаттығуынжасату. Балаларға: «Көліккемінеміз, орманға барамыз», - деп шеңбермен алыпжүреді. «Күзгі орман» ертегісінқуыришақ театры арқылыойнауды үйрету. Әже,қыздар, Аю, Түлкі.Ертегіні қуаршақ театры	<b>Сөздік жұмыс:</b> саңырауқұлақ тереміз, күз келді.

	<p>арқылы ойнап, әндерін, қимылдарын ұсыну.  <b>Ән үйрену:</b>  «Саңырауқұлақ тереміз» (Г. Абдрахманова) әні үйретіледі.  Би: «Кел, билейік» (Б. Байқадамов, М. Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, («Ақжелкен» ұнтаспасынан) жеңіл би ыргағын үйретеді.  Дидактикалық ойын: «Қасқыр мен қояндар» қойылымын (Ж. Бизенің «Кармен» шығармасына) үйретеді (би қимылдары үлгіде берілген). Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Балалардан орманда қандай ән-билерді көрген, үйренгенін сұрайды.  Мадақтайды, қоштасады.</p>	

Ұсыныс Музыкалық дидактикалық ойындар нәтижесін қарастыру.

Әдіскер: Қамза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Ал Өнерхан Алмагүл

Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Күз байлығы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қазан IV- апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Қимылдарды қайталап, әнді айтуды үйренеді. Балалар ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді. Жемістер жазда, күзде пісетінін біледі.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар:Күз мезгілі туралы тақпақтарын айтып беру, даладағы өзгерістерді түсіне біледі. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:күз береке, байлық, өнімдер Пікір алмасу сұрақтары: Күз мезгілін қайдан білеміз? Күзде қалай киінеміз? Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды амандасу-жаттығуын жасап қарсылу. Ө. Байділдаевтың «Көңілдіби» шығармасымен балаларды қарсы алады, жүреді, әртүрлі ырғақтықимылдарды жасап үйретеді. - Балалар, біз өткен жолы «Күзгі орманға» барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз «Бақиасыйын» тамашалаймыз. «Жеміс бағында» дейтін әдемі өлеңді суреттен оқып көруге шақырамын. - Балалар, жемістер қай кезде піседі? - Қандай жемістерді білесіңдер? (Балаларға суретті көрсетеді).	Интерактивті тақта Алматы туралы деректі фильм
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	Музыка тыңдау: «Жаңбыр»(Ә.Телғозиев, Қ.Мүсірепов).  Дидактикалық ойын: «Қоңыраулардың дыбысын ажырат». Тыңдату. - Айтыңдаршы, балалар, қандай дыбыс естідіңдер? Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін, дыбысын ажыратуды түсіндіреді. Ән үйрену: «Жемісбағында» (Ж. Қалжанова) өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады. Екінші рет суретке қарап, әнді балаларға қайталап	

	<p>айтуды ұсынады. Енді «Бұлқайкездеболады? Күз» әнін (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов) есімізге түсірейік.  <b>Би:</b> «Аңдар» биі (Бизенің «Кармен» шығармасына қойылған). «Кел, билейік» (Б.Байқадамов) биін қайталап айту.  <b>Ойын:</b> «Саусақ сезімін оят».  Дорбаның ішіне: алма, алмұрт, қара өрік, сары өрік салып қояды.  Балалар қарамай, қолмен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табу керек.  - Балалар, бүгін қаймезгілге арналған әнді айттыңдар?  - Қандай ойын! ойнадыңдар?  - Сендер өте жақсы қатыстыңдар.  - Сау болыңдар!</p>	
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.	

Ұсыныс жүзге сәй саусақ әнін, айтуды

Әдіскер: Қай Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Ал Өнерхан Алмагүл

Гү Қанағат Гүлнұр

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

<b>Міндеті</b>	<i>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>«Дәрумендер досымыз»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>Қараша І-апта</i>	
<b>Топ:</b>	<i>Ортаңғы</i>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Дәруменнің адам денсаулығына маңыздылығын түсінеді, өз ойын жеткізе алады. Денсаулық, денсаулыққа қажетті жағдайлар, денсаулықты сақтау туралы түсінеді.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы? Қандай биді ұнатасың? Билеген ұнай ма?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды.</i>	
<b>ҰІӘ отілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <i>0-2 минут</i> <b>II. Ұйымдастыру.</b> <i>3-5 минут</i>	<i>Балалармен амандасу. Проблемалық сұрақ: Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.</i>	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> <i>..... минут</i>	<i>Музыка тыңдау: Дауыс жаттығулары: «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз. Ән айту: «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова). Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді. Дид ойын: «Атын ата» Шарты: суреттегі жемістермен көкөністерді атау.  Ойын : «Жемістер мен көкөністер» Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау.</i>	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b>	<i>Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</i>	

--	--	--

Усынас Мемлекеттік қызмет ісін жетілдіру және қолдау жөніндегі агенттік

Әкімшісі: Аманжол Қасым Қайратұлы

«Басқару» орта топ кәсіпорнінің  
А Омархан Аманжол  
Б Қасым Қайратұлы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Құстар дауысы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қараша II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды Ойынға қызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын айтады. Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Қандай құстарды білесіңдер? Құстардың қандай пайдасы бар?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<b>Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»</b> айтып қарсы алады. Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді. <b>«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.</b> Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> Балаларды музыка тыңдауға шақырады. <b>Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.</b> <b>Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатыныне түсіндіреді.</b> <b>Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.</b> <b>Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.</b> <b>Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым«Бөдене әні»(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).</b> Орындалып, ойын ұйымдастырылады. <b>«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).</b> <b>«Көкек» (Б.Аманжолов).</b> -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған соң, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді. <b>Жетекші қыздарға «шөжелерім» биін қайталаатады.</b>	<b>құс пен оның балапанының суреттері.</b>

	<p>Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым» биін үйретеді.          Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»          ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидактикалық ойынмен жалғастырып үйретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабілетін дамытады.          Текшеде мысық пен мысықайдың суреті болады,          мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.          Рефлексия          ..... минут</p>	<p>Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды,          -құстар даусы қандай?          -баланының даусы қандай?          Балаларды мақтайды, қоштасады.</p>	

Ұсыныс Баламмен бірге іс - қилеммен көрсету

Әдіскер: Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
AA Өнерхан Алмагүл  
17 Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Орманға саяхат»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қараша III-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Марш ырғағын тыңдайды. Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр. «вальс» ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы. Қояндар көңілді, шапшаң, жеңіл биледі. Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындауды үйренеді Әнді көңілдене айтуға тырысады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Орманда нелер өмір сүреді? Қандай жануарларды білеміз? Сендерге қай жануар ұнайды?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басталады. «Біз үшін» Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді. Ал балалар, балалар, саяхатқа шығайық. Ормандағы аңдарға көлікке мініп барайық! «Саяхат» шығармасын тыңдай жүріп, балалар көлікке мініп, орманға барады.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	Балаларды отырғызып, «Вальс» шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады. Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті. Тапсырманы алып, топқа келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді. Көлікке бірге мінейік, әрі қарай кетейік, жылдамдатып жетейік. Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті. Жетекші: балалар, қояндар қалай билейді? «Көңілді би» шығармасын тыңдауды ұсынады. Көлікке енді мінеміз, әрі қарай кетеміз, -деп тағы сапарларын жалғастырады. Үшінші ағаштағы тапсырма- қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті.	Ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер.

	<p><b>«Мерекелік марш» шығармасын тыңдаймыз.</b>  -Балалар, қасқырлар қалай жүріп жатыр?  көлікпен үйлеріне қайтып келеді.  -осымен саяхатымыз аяқталды.  Ал енді, балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші.  <b>Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу, созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.</b>  <b>Екінші аялдамада қояндар шапшаң, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді.</b>  <b>Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.</b>  Әндетейік, жырлайық,  әсем әнге салайық.  <b>Жаттықтырып даусымызды,</b>  <b>әйбат бала болайық.</b>  <b>Дауыс жаттығуы:</b> Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне,  регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсету  <b>Ән үйрену: «Бақшаға келеміз»</b>  Би билейік ырғалып,  секірейік жұптасып.  Кезек-кезек, оңға-солға  аяқтарды созайық.  <b>Би: «Қосарланып билеу»</b>  <b>Дидактикалық ойын: «Бұл не?».</b>  Аңдар бейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу.  Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды. Өзанасын тауып береді.</p>	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	-балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер? -аюлар қалай биледі? -қасқырлар қалай биледі? -қояндар қалай биледі? Балалардың бүгінгі үйге белсене қатысқандарын айтып мадақтайды.	

Ұсыныс Инди матау барисонда іс - нұммоқален үйрету

Әдіскер: Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ал Өнерхан Алмагүл  
Б Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>Бауырсақ немен кездесті?</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қараша IV-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	<p>Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;                  әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқау білуге дағдыландыру;                  әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету;                  жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.</p>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<p>Әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді;                  Таныс әндермен пьесаларды біледі;                  Әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды.</p>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	паровоз, поїыз, «пи-пи», «пух-пух», «гу-гу-гу»	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>                  0-2 минут  <b>II. Ұйымдастыру</b>                  3-5 минут</p>	<p>Балаларды көңілді қарсы алу. Үнтаспада поезд дауысы естіледі.                  Поездға біз барайық,                  Вагоннан орын алайық, – деп, вагондарға – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.                  Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық.                  Әуен аяқталысымен балалар көңілді поездан түсіп, орманда қыдырады.                  Орманда жүріп, ағаш жанында тығылып отырған қоянға кездеседі.                  Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады.                  Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танысыңдарма?                  Ақ қоян-ау, ақ қоян,                  Ұзын құлақ сақ қоян,                  Ақ қоян-ау, ақ қоян,                  Жүірікқоян, сақ қоян.                  Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.                  Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар биі» (Ж. Оффенбах) ойналып,                  педагог балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.</p>	<p>қысқы орман көрінісі,                  «паровоз» макеті, «қар үйіндісі»,                  ойыншық қоянменәю, аю үйшігі,</p>
<p>ҰІӨ-нің ортасы  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қояндар» (Е. Тиличеева).                  Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару.                  Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.</p>	

.....минут	<p><b>Ән айту:</b> «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды.</p> <p>Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анықайтуға үйрету.</p> <p>Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.</p> <p><b>«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы») А.Райымқұлова).</b></p> <p><b>Ойын барысы:</b> Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян).</p> <p>Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойнағанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрету</p> <p>Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аю шығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>..... минут</p>	<p>Қоян қалай билейді екен?</p> <p>Сендерге қоянмен бірге болған ұнады ма?</p> <p>Көңілді поезд отырып, жолға шығатындарын ескертеді.</p> <p>Поезд дауысы естіліп, бірінің соңынан бірі қатарласа жүреді.</p> <p>Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.</p>	

Ұсыныс: Балаларға тағзым көңіл иері туралы көңілді сурет қосу

Әдіскер: Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А. Өнерхан Алмагүл  
Г.Г. Қанағат Гүлнұр

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

<b>Міндеті</b>	<i>Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.</i>	
<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<i>«Қыс қызығы»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>Желтоқсан I-апта</i>	
<b>ТОП:</b>	<i>Ортаңғы</i>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	<i>Әуенсазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. .</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Өткен күндерді еске түсіріп, қайталау. Балалар қыс туралы білгендерініе жауап береді. Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Балалар:Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады. Сөздік жұмысы: шаңғы, шана.. Пікір алмасу сұрақтары:</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</i>	<i>Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады. Қыс келді, қыс мұз – қарлы, Қыраулы да ызғарлы, Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды. Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға! Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Өлеңде не туралы жазылған? -Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады? -Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар. -Күн суық, қалың киінесіңдер.</i>	<i>Қыс туралы суреттер</i>
<b>Ә-нің ортасы</b>	<i>Музыка тыңдау: Вальс</i>	

<p><b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут</p>	<p>-Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаларға қандай қимыл жасағыларың келеді. -Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады. <b>Ән айту: «Қыс қызығы»</b> (И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы). Әнді музыка жетекшісі орындап береді. -Әнде не туралы айтылған? -Қандай көңіл күйде? Мәтінін әуенге қосылып үйрену. <b>Ойын: «Қасқыр мен көжек».</b> Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу. <b>Би: «Қасқыр мен қояндар».</b> Көрініс би («Билеп үйренейік») Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау. Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>-Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік? -Ән сендерге ұнады ма? -Қорытындылау, бағалау, марапаттау.</p>	

Ұсыныс Аралықта талпынғандыққа сай нұрға тағамменде келуі кері тұрады

Әдіскер: Қайы Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

А.А. Өнерхан Алмагүл  
Н.Н. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Тақырыбы:</b>	<b>«Менің Отаным»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Желтоқсан II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Отан туралы, өз Отанының сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыка тыңдау және орындау бар Отан туралы өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<b>Музыкалық сәлемдесу.</b> Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді: – Сен қай мемлекетте тұрасың? – Қазақстанның қандай қалаларын білесің? – Отан, туған жер туралы қандай ән білесің	Доп
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың? <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу. <b>Ән айту:</b> «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Отан – туған еліміз, Отан – туған жеріміз. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екіпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый <b>Аспаппен танысу:</b> Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету. <b>Ой қозғау.</b> Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді	Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет  «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары  «Отаным» әні  «Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер  «Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары

	сую деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия ..... минут	Бүгінгі ұйғ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер ұйғ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.	

Ұсыныс Топ , тұрған мер тұрақпен мұзданса қолы 2н шығару

Әдіскер: Камза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

АА Өнерхан Алмагүл  
Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Шырша жыры.</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Желтоқсан ІІІ-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Қыс көріністерін суреттеп айта біледі. зырлайды сөздерін түсінеді. Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын игереді.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Балала қыс туралы білгендерінше жауап береді. <b>Сөздік жұмыс:</b> Тікенек, жап-жасыл, қуанышты. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Шыршаны қайдан көреміз Шырша тойы сендерге ұнай ма?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау. Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек. (З. Шүкіров) -Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс сендерге несімен ұнады? Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезенді торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Балдырғандар ойнайды. -Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Ән айту:</b> «Шырша жыры»Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Ән: Л.Хамиден Аппақ, аппақ, Жапалақтап Қар жағады тыңбастан	

	<p>Қалың орман,  Қар жамылған,  Маужырайды түнгі аспан  О, алақай аяз ата!  Келе жатыр алыстан  Кел билейік, үйренейік  Ол келгенше жаңа жыр  Құтты болсың, құтты болсың  Құтты болсың, жаңа жыр.  Балалар жұмбақ –өлеңге жауап айтады.  Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.  Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.  Әуенді – ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар» Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.  Би: «Қояндар бии» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?  -Қандай ән үйрендік?  -Қандай әуенге қимылдар жасадық?  -Бидің аты қалай?</p>	

Ұсыныс жүлде сай ормандағы қимылдар көрсету.

Әдіскер: Қаоф Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ал Өнерхан Алмагүл  
Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Айнала ақша қар»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Желтоқсан IV-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<b>Балалар:</b> Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады. Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады. <b>Сөздік жұмыс:</b> Бірғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша поурри айтады.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.	Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек. Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау (көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды). <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру. <b>Ән айту:</b> «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді. Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов). Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру. Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанап қимыл жасау.	«Музыкалық аспаптарға арналған этюд»

<b>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	Ән не туралы? Әннің ырғағы мен қарқыны қандай? Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе? Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім?	
--	--	--

Ұсыныс Мерекелі байқалымостың әндер жаттау, Әндер әйлеу

Әдіскер: Қамза Сайрангүл Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

А.А. Өнерхан Алмагүл  
Т.Н. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз).	
<b>ҰОҚ тақырыбы:</b>	Қыс өрнегі	
<b>Күні:</b>	Қаңтар I-апта	
<b>ТОП:</b>	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰОҚ-нің мақсаты:</b>	Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуды, әуенді тыңдап, әңгімелей біледі.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	«Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын үйренеді	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды біледі Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: сабырлы, көңілді, жігерлі, бағдаршам, ереже, ескерту, тыйым салу, көрсеткіш. Пікір алмасу сұрақтары: Бағдаршам не үшін керек? Көліктер дегеніміз не? Қандай көлік түрлерін білесіңдер?	
<b>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік. Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру.	
<b>ҰОҚ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Жеделхат келеді. оқиды: «аққала көмекке шақырады». «үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады». Балаларды алаңға «кысқызығы» ойын-сауығына шақыру. Жетекші: кыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық.	Тақырып бойынша көрнекіліктер
<b>ҰОҚ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	«Шанғы тебеміз» Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді. Дид ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Шарты: Қағаздан аққала құрастыру. «Қыс» әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Дид ойын: «көңілді ырғақ». Қоян дирижер ролінде. Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.	
<b>IV. ҰОҚ-нің</b>	Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау	

көрсеткіші, Рефлексия минут		
-----------------------------------	--	--

Үсынас Мұршияты алаһар җадаһы

Әдіскер: Һаһы Каспа Сайраһыла

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Һаһы Онерхан Алмаһыла  
Һаһы Қанаһат Гүләһур

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰОҚ Тақырыбы:</b>	<b>Аңдар айтысы</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қаңтар II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰОҚ-нің мақсаты:</b>	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек. зырлаймыз, тыңдаймыз, төтеп беру сөздерін түсінеді. би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	зырлаймыз, тынбаймыз, төтеп беру.	
<b>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</b>	Сұрақ - жауап	
<b>ҰОҚ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады. <b>Қызығушылықты ояту.</b> Дид ойын: «Кім тапқыр?» <b>Жұмбақ жасыру:</b> Халық «қу» деп, Қылған күлкі, Айласы көп, Бұл не? Түлкі Жаңғақ жауған орманда Күндіз қорек айырып, Жатады кеі болғанда Өз құйрығын жамылып. Үстің толған ине, Бірің берсең, шіркін, Қадар едім түйме. <b>Кірпі</b>	Тақырып бойынша суреттер.
<b>ҰОҚ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Ән айту:</b> «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова). Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандан жүру. Тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу. Аңдар хорын барлығы түгел айтады. <b>Би:</b> «Қасқыр мен қояндар». Өткен сабақта үйренген көрініс биді жалғастыру. <b>Ойын:</b> «Аю мен қояндар». Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянаған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі.	

<b>IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> .....минут	-Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды? -Қай аңдардың әнін орындадыңдар? -Орманда өткен сабақ ұнады ма? Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.	
---	---	--

Ұсыныс Музыкалық дидактикалық аңдардан құрастыру.

Әдіскер: Қайыр Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

А.А. Өнерхан Алмагүл  
Г.Г. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Аққала</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Қаңтар III-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына ұнқату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуен сипатына сай би қимылдарын орындайды; әннің көңілді сипатын түсініп, көңіл күйін қабылдайды; Таныс әндердің қарқынын, ырғағын сезініп айтады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	аққала, топбала	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>		
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут</b> <b>II. Ұйымдастыру. 3-5 минут</b>	Музыка жетекшісі балалармен амандасады, қолдарына «ақшақарлар» – қар әшекейлерін беріп, таныс «Ақшақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский) қимылдарын үйретуді жалғастырады.	аққала суреті; «ақшақарлар», «қар» әшекейлері; «сиқырлы таяқша», нота хрестоматиясы.
<b>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс ..... минут</b>	<p>Жұмбақ: Сәбіз мұрынкімдебар, Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар, Сонымен ол кімекен? (Аққала)</p> <p>Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру. Музыка тыңдау: «Ақшақар» әні (К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов) Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Әнайту: «Аққала» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Әнайту ережелерін еске салу. Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу. Таныс ән: «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) – қайталау, сөздерін пысықтау, ескетусіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» (В. Косенко) Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады. «Сиқырлы таяқша» ойыны. Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінің би қимылдарын жасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады.</p>	

<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Балалар, қандай ойың ойынады?  Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады?  Ата-анасының көмегі мен аққаланың суретін салып келуді ұсыну.  Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу.</p>	
---	--	--

Ұсыныс Жақаларға тазалыққа көңілді күні туралы

Әдіскер: Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А. Өнерхан Алмагүл  
Г.Г. Қанағат Гүлнұр

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	Торғайлар	
<b>Күні:</b>	Қаңтар IV-апта	
<b>Топ:</b>	ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Балаларға құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыка ырғағымен қозғалып, қарапайым қимылдарды орындайды; Әртүрлі сипаттағы пьесаларды тыңдайды; музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>		
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен үйе қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен үйе шолу жасау.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдас тыру</b> 3-5 минут	Жетекші балаларды «Көңілді марш» ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бәр-екі, бір-екі, Адымдап біз жүреміз, - деп «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қыймылдар жасау. Қызығушылықты ояту. Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі). Шиқ-шиқ етіп дыбыстайды, Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып, Тары, бидай тереді.	торғай суреті немесе ойыншық торғай; торғайлар жәнәмыссық атрибуттары, ойынға арналған жiп, нота хрестоматиясы.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	Музыка тыңдау: «Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева). Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «үшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды.	

	<p>Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды.  Мияу-мияу... – деп балаларды «торғайларды» сақтандырады.  Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып,  «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.</p>	
<p>IV. ҰТ-нің қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>Шиқ-шиқ еткен торғайды  Қорғамасақ болмайды.  Қамқорлыққа алайық, Ұясына салайық.  Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұя жасау.  Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.</p>	

Ұсыныс Мультипликациялық суреттерді дәлелді мұқалма әремімен салу.

Әдіскер: Ғайра Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ал Өнерхан Алмагүл  
Гү Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.	
<b>ҰІӨ тақырыбы:»</b>	«Шынықсаң шымыр боласың»	
<b>Күні:</b>	Ақпан I-апта	
<b>Топ:</b>	Ортаңғы	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ міндеті</b>	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз) Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыкалық шығарманың сипатын ажыратады, көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Өздері туралы, музыкаға деген құштарлығы туралы әңгімелей алады. Музыка деген не? Қандай әнді ұнатасың? Қандай әндер білесің?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өздері білетін әндерді қайталайды, би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді.	
<b>ҰІӨ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>Ұйымдастыру.</b> 3-5 минут	<b>Музыкалық сәлемдесу.</b> Жеңіл әуенді бубен аспабында ойнап, балаларға кезекпен ырғақты сезіне орындауды ұсыну. Музыка әлемі туралы мағұламат беру. Балалардың ой-қиялдары, армандары туралы әңгімелесу.	Бубен аспабы
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> минут	<b>Ой қозғау.</b> Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз. <b>Музыка тыңдау:</b> «Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау. <b>Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.</b> <b>Ән айту:</b> «Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын	

	<p>естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау.</p> <p><b>Дид ойын:</b> «Мен бастаймын, сен жалға»</p> <p><b>Шарты:</b> Мен спротты .....</p> <p>Маған доппен ойнаған .....</p> <p><b>Дид ойын:</b> «Топтастыр»</p> <p><b>Шарты:</b> Суреттегі аяқ допшы-ларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>..... минут</p>	<p>Бүгінгі ҰІӨ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>– Егер үіз қызықты өтті деп ойласаң қатты шапалақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз.</p>	

Ұсыныс Музыкалық аспаптар үйірдену, жондан ойнау

Әдіскер: Қат Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Өнерхан Алмагүл  
Қанагат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	«Пойыз» әні	
<b>Күні:</b>	Ақпан II-апта	
<b>ТОП:</b>	Ортаңғы	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуенді әндете айта біледі. Әуенді ырғақты қимылдарды игереді. Балалар сұрақтарға жауап береді.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	-Баланы сабаққа дайындау, жылулық шеңбер құру. -Жана сабақты түсіндіру. -балалар сендер Пойыз әнін естідіңдер ме? -Оның авторы кім екенін білесіңдер ме? -Ол өлеңнің әнін кім жазғаның білесіңдер ме? -Пойыз дегеніміз не? -Ол қайда жүреді? -Сендер оған мініп көрдіңдер ме? -Біздің ауылда пойыз бар ма? Бір-біріне жылы тілек білдіру, (жақсы бол, ауырма, денің сау болсын) Балалар қойған сұрақтарға қуана жауап береді.	Суреттер.
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	«Пойыз» әні Сөзі – Ж.Смақовтікі Әні – К.Қуатбаевтікі Кәне, кімнің бойы ұзын? Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. Ал, паровоз, баста алға,	

	<p>Бәрімізді басқар да,  Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,  Жүрісті тым үдеттік.  Гу-гу, гу-гу, гүзде,  Қалып қойма бірің де,  Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,  Жүрісті тым тездеттік!  Бірнеше рет қайталап отырып әнді жаттатамын.  -Оны түсініп, әннің нақышына келтіріп айтады.  Тәрбиешінің көмегімен әнді жаттайды.  Сергіту сәті: «Пойыз»  -Балалар сап түзеп тұрады, Бір бала машинист болып, «Пойыз» әнін педагогтың көмегімен қайталап қымылмен айтады.  Дидактикалық ойын : «Не жоқ?».  Міндеті: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.  Шарты:  Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші ойыншықтардың орнын ауыстырады немесе біреуін тығып қояды.  Балалар жоқ ойыншықты тауып айтады.  -Балалар әрбір сөзді қымыл көрсетіп жасайды.</p>	
<p>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p><b>Қортынды.</b>  -Пойыз жүргізушісін қалай атайды?  -Балалар бүгін біз кімнің өлеңмен таныстық. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?  -Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту</p>	

Ұсыныс Мультимедиа ойындар пайдалану

Әдіскер: А.С. Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

А.А. Өнерхан Алмагүл

Т.Т. Қанағат Гүлнұр

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

<b>ҰОҚ тақырыбы:</b>	<i>Орманға саяхат. «Ормандағы кішкентай тұрғындар»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>Ақпан III-апта</i>	
<b>ТОП:</b>	<i>Ортаңғы</i>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰОҚ-нің мақсаты:</b>	<i>Музыканы есту қабілетін дамиды, ырғақты ажырата біледі.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<p><i>Барлық балалар: Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшіті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.</i></p> <p><i>Көпшілік балалар: Қарапайым әуендер, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.</i></p> <p><i>Кейбір балалар: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.</i></p>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<p><i>Балалар: Мектептегі ұстаздары туралы әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.</i></p> <p><i>Көптілділік: ұстаз – учитель</i></p> <p><i>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Нәзік, жұмсақ, композитор, сүйемелдеу.</i></p> <p><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b></p> <p><i>Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)</i></p> <p><i>Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың? Ұстаз деген кім?</i></p> <p><i>Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің?</i></p>	
<b>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</b>	<i>Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады.</i>	
<b>ҰОҚ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут</p> <p><b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут</p>	<p><i>Балаларды көңілді күймен қарсыалады.</i></p> <p><i>Бүгін барлығы сиқырлы орманға барамыз.</i></p>	<p><i>Доптар, шаршылар.</i></p>

<p>ҰОҚ-нің ортасы  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>  ..... минут</p>	<p><b>«Табиғат құбылысы»</b> (ұнтаспадан тыңдалады)  балаларға жауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды.  Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.  -Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.  Құртақандар көмекке шақырады, орманға барамыз құртақандарды табамыз.  Жылдам жүгіреміз, адымдап жүреміз.  Деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.  Дауыс жаттығуы: «баспалдақ» Е.Тиличиева. жаттығуды айтқызады, үйретеді.  Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.  Әнұйрену: «кыс» Б.Жүсібаев. А.Ақылбеков.  Балаларға әнді жаттатып үйрету.  Дид ойын: «Шангы тебеміз» (Е. Тиличиева.)  Асыр салып ойнаймыз,  шаңғыларды байлаймыз.  Бірғақпенен қозғалып,  жаттығуды жасайық.  -Бүгін бізге кімдер келді?  -сендерге аспапта ойнаған ұнады ма?</p>	
<p><b>IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Балаларды мадақтайды.</p>	

Ұсыныс сұрақтарға зиянды нәрселерді қылмықпен санау

Әдіскер: Бүгін Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ан Өнерхан Алмагүл  
Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Әже тілегі»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Ақпан IV-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	<i>Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Әуенге ілесе жұптаса отырып би қимылдарын орындайды; Музыкалық аспаптарды ажыратады, атайды; Музыкалық сүйемелдеусіз ән салады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>бесік, бесіккебөлеу</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<i>Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды. – Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Отбасыларыңда кімдер бар?</i>	<i>бесік, қуыршақ, тай таяқ, аса таяқ, нота хрестоматиясы.</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды. Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ.</i>	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<i>Музыкатыңдау: «Әй-әйбөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев) Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу. Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай). Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді. Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеру. <b>Сұрақтар ілмегі:</b> Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле.</i>  <i><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» (А.Тоқсанбаев)</b> Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады.</i>	

	«Тай тұяқпен асаяқ» ойыны (А.Райымқұлова, А.Асылбек) Тайтұяқ пен асаяқтың дыбысталуды ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушы тағайындалады.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия ..... минут	Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	

Ұсыныс Индерді таңуорыптыңа сай әуенмен шығару

Әдіскер: Сай Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Ал Өнерхан Алмагүл

Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	Көктем әндері	
<b>Күні:</b>	Наурыз I-апта	
<b>ТОП:</b>	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағаның музыкада ажырата білу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Балалар әнді тыңдап, ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады. Балалар жаңа әнмен танысып, ән туралы білгендерің ортаға салып, әнді үйренеді. Көктем құбылыстары, табиғат өзгерістерін біледі.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар: Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. Сөздік жұмысы: Қараторғай, жыл құстары Пікір алмасу сұрақтары: Қандай құстарды білесіңдер? Құстардың қандай пайдасы бар?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды музыка залына қабылдау. Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау. Жылы жақтан қайтқан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру. Сулар ағып жылғадан, Құстар әнің жырлаған. Бұлт айдары желбіреді, Бұл мезгілді қалай» дейді? Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салады. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алады. -Балалар, бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілің меңзеп тұр? -Сеңдер қандай құбылыстарды байқадыңдар?	көктемдегі көріністер, қара торғай суреттері.

<p>ҰІӨ-нің ортасы  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>  .....минут</p>	<p><b>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері)</b>  -Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекенге келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі-осы ән.  Құстың шырылдаған әнін үнге қосқан.  <b>Ән айту:</b> Өткен іс – әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталау.  <b>Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.</b>  <b>Ән үйрету: «Көктем» (Д. Гусинцев, Т.Исабеков).</b>  Бұл әнде де құстың келуің, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштардың бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған.  Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.  <b>Ойын: «Түлкі мен қаздар»</b>  Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады.  <b>Би: «Апатайым-ай» («Билеп үйренейік»).</b>  Түсініктеме бойынша қимылды үйреніп, әуенге ілесе би билеу.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p><b>Қортынды</b>  -Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?  -Көктем туралы не білдіңдер?  -Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?  Көтеріңкі көңіл күймен сабақ аяқталады.</p>	

Ұсыныс Аспаптармен музыкаға оқитындар ұсынамын

Әдіскер: Камза Сайраңгүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Өнерхан Алмагүл  
Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Ана – өмір шырағы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Наурыз II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыруды, түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындауды үйренеді Әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді, би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді, гүлдермен биді жеңіл, бірқалыпты билеуді біледі.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Әнді зейін қойып тыңдау, әсер алады. Алған әсерлерен жеткізе айтып, әңгімелейді. <b>Сөдік жұмыс:</b> Мейірімді, аялайды. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыка әуенімен балаларды қабылдау. <b>Шаттық шеңбер. Сұрақ –жауап.</b> Балалар мен ата- аналары туралы әңгіме айтып, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұрайды. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды (қуанышты, салмақты, сабырлы, т.б.) - ал сендердің аналарын қандай көңіл күйде жүреді? - қуанғанда қандай болады? - сендерге ренжігенде не істейді? - сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады? Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады. Еркелеткен баласын, Аман болшы, анашым.	атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері. Ана туралы тақпақтар, қанатты сөздер.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым!» - Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған. - Әннің көңіл күйі қандай? - Сендерге ұнады ма? Мазмұның әңгімелеуді сұрайды. Дауыс жасаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым».	

	<p>Терең тыныс алып, дыбыстардың біркелкі шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау. <b>Ән үйрену: «Анашым»</b> (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) орындалады. Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі. «Өрнек» биінің элементтері қайталанып, еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. <b>Қимылдық ән- ойын: «Алтын қақпа».</b> Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып, қақпа жасап тұруға дағдыландыру. сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p><b>Қортынды. Сұрақ –жауап.</b> - Өз аналарына қандай тілек айтасындар? - Аналарыңа қандай мерекелік сыйлық ұсынасындар? - «Ана- біздің гүліміз» дегенді қалай түсінесіңдер?</p>	

Ұсыныс Арыс маған артық нұсқаныңды маған, маған маған

Әдіскер: Жед Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Аб Өнерхан Алмагүл  
Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған Іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҮІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Наурыз – жыл басы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Наурыз III-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҮІӨ-нің міндеті:</b>	Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Наурыз мерекесі – күн мен түннің теңелу, тавбиғаттың жанару мерекесі екенін, арқан тарту арқалы күш сынасу дағдыларын	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Балалар ән туралы түсініктерің жеткізеді <b>Сөздік жұмы:</b> Наурыз көже құрт, жент, ірімшік, қонаққәде <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b>	
<b>Өткен ҮІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҮІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған Іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Ата мен әже балаларды қарсы алады. Балалар дөңгелек үстел жанына келіп, ата мен әжеге сәлемдесіп, үстел айналасына орналасады. Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан қандай мереке екенің сұрайды. -Наурыз дегенді қалай түсінесіңдер? -Наурызды халық қалай тойлайды? -Наурызға қатысты қандай ырымдарды білесіңдер? -Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжіскен адамдар бір-бірімен құшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастархан жайылып, бір – бірінің үйіне қонаққа барады. -Міне, алдарыңда қазақтың ұлттық тағамдары тұр. Жеті түрлі дәм салынып наурыз көже дайындалады. Ата қонаққәде ретінде ән айтып береді. Дастарханда дәніміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көп, Қандай жақсы наурыз. (Қ.Баянбай)	Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан
<b>ҮІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Ән үйрету:</b> «Наурыз – жыл басы». Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалар наурыз туралы білгендерін әңгімелейді. Наурызда бір-біріне қонаққа бару керектігін, татуласу керектігің ұсынады Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйрену. <b>Ойын:</b> «Арқан тартыс» Ата өзімен бірге арқан ала келгенің айтады. Қазақтың ұлттық ойыны – арқан тартуды екі командаға бөліп ойнатады. -«Балалар келе жатқан Наурыз күні күн мен түн теңелді», -деп	

	<p>«Күн мен түн» ойының ұсынады.          Балалар екі командаға бөлініп, арқан тартысады.          Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтап, қоштасып, үйлеріне қайтады.          Балалар алған көңілді әсерлерімен тарайды.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.          Рефлексия          ..... минут</p>	<p>Қортынды. Сурақ-жауап          -Ән не туралы айтылған?          -Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?</p>	

Ұсыныс Күн мен түн ойында, саусақ ойындарын қолдану

Әдіскер: Сайран Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

Аб Өнерхан Алмагүл  
Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Біздің ауыл тойы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Наурыз IV-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауытыра білуге үйрету.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратп, әңгімелейді. «Дығы-дығы, дың-дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар:Қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өз ойларын, алған әсерлерін жеткізе әңгімелейді. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:Күй, той. Пікір алмасу сұрақтары: Сендерге музыка ұнай ма? Күйді немен ойнады?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды біледі Ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды біледі	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	«Кеңес» күйі ойналып, педагог балаларды қарсы алып, ауылға, тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. «Колхоздағы той» (Е. Брусиловский) әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға «атпен» шабуды ұсынады. Әуен екінші рет ойналғанда ұлдарға отырып, қол шапалақтау ұсынылады. Ал қыздарға асатаяқпен би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	-Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Музыка тыңдау: «Айжан қыз» (Құрманғазы), «Қамажай», «Хайләйлім» әуендері (үнтаспада) орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады. <b>Дауыс жаттығуы:</b> «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ыргақтарын тыңдап, бақылайды. Дауысымыз ашылды, Бұлбұлдай сайраймыз, Көңілді ән айтып, Жадырап жайнаймыз.	<b>АКТ технологиясы</b> Слайд Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат.

	<p><b>Ән айту:</b> «Домбыра» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) әнін қайталау.  <b>Жетекші ән мазмұнын түсіндіріп, көңілді ырғақты сезінулеріне ықпал етеді.</b>  <b>Әннің мәтіні туралы сұрап, балаларды әңгімеге тартады.</b>  <b>-Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра түсейік, - деп ойынға шақырады.</b>  <b>Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады.</b>  <b>Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап, өз беттерінше билеуге ерік береді.</b>  <b>Би: «Асатаяқпен би», «Кел, билейік» билері қайталанады.</b></p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  <b>..... минут</b></p>	<p>-Қандай ән, күйлер тыңдадық?  -Кімге қандай ән ұнайды?  -Музыкалық аспаптардың қайсысын ұнатасыңдар?  -Қандай билер биледіңдер?- деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс-әрекеттерін еске сақтауларына ықпал етеді.  -Енді тойға барып, өз өнерлеріңді көрсеттіңдер.  Барлығың өнерпаз, өнерлі екенсіңдер, - деп мақтайды.</p>	

Ұсыныс 31 түркі қазан аспаптар үлгісі

Әдіскер: Қамза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А. Өнерхан Алмагүл  
Т. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған Іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жәппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.	
<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	«Су табиғат байлығы»	
<b>Күні:</b>	Сәуір I-апта	
<b>Топ:</b>	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Табиғаттағы судың пайдасын түсіндіру, әнді педагогпен бірге қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күйі сығалайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Өткен үйе қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен үйе ке шолу жасау.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады. – Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	Музыка тыңдау: «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету. Дауыс жасаттызулары: «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшынан таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету. Ән айту: «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу. Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көбелек бии» (биді қойған Д.Әбіров). Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау. Ой қозғау. Аққу қандай құс? Судың пайдасы туралы не білесің?	«Аққу көлі» (үзінді)  «Саржайлау» күйі  «Су – өмірдің өзегі» әні  «Көбелек бии»

	<p>Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?  Көбелектер неге ұқсайды?  Көбелектің түсі қандай болады? «Көбелек» биінің екпіні, ырғағы қандай?</p>	
<p>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>Бүгінгі үйі туралы балалардың пікірлерін тыңдау.  ҰТӘ ті балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

Ұсыныс: Шажараныңға сай зусыңдар шығару

Әдіскер: Асаф Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А. Өнерхан Алмагүл  
Т. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Ғарыш әлеміне саяхат</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Сәуір II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, әуенді әңгімелей біледі. ғарыш, ғарышкерлер, ғарышкерлер айлағы туралы түсініп, түрлі сипаттағы әндерді анықтайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Сөздік жұмысы:</b> ғарыш, ғарышкер, зымыран, Байқоңыр, скафандр	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	«Кел, билейік» ойнақы, көңілді әуеннің ырғағымен балаларды музыка залына қабылдау. 12сәуірҒарышкерлер күні екенің айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады Сапар үшін келесі Дайын ғарыш кемесі. Бұған ертең мініп ап Айға барамыз зымыран. (А.Сопыбеков) -Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады. Ал кәнекей, қазірден жаттығуға әзірленейік! – деп, жаттығулар жасауды ұсынады ( музыка жетекшінің таңдаумен) Көңілді биді жеңіл, жұптаса билеп, би қимылдарын еркін жасайды. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып, балаларға көздерің жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады. -Міне, белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би» балаларға робот қимылдарың өз беттеріңше көрсетуді сұрайды. -Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер, т.б) -Айға ұшатың бала туралы ән айтып берейін Әуенді тыңдап, ерекше үндерді естіп сезінеді.	скафандар, атрибуты, құрсаулар, ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Айды әперші, апатай!» (Е.Өміров, Ө. Тұрманжанов) әнін орындап береді. Әнінің мәтінін, сипатын түсіне әңгімелеуді ұсынады. -Ғарыш деген не? -Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?	

	<p>-Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? толық мәлімет беру.  Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді. Ғарыш айлағы Байқоңырда орналасқан, алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді.  Көкте ұшамын,  Ұшқыш болар баламын.  Соңына ерем  Мұсабаев ағаның.  Даңқы көкке самғаған  Тоқтар аға, Гагарин  Салған жолды жалғаған.</p> <p>-Батыр ағаларыңдай сендер де ғарышкер болғыларың келе ме?  Ән үйрету: «Ғарышкер боламыз»  (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов) әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді.  Әуенді қимылды ойын: «Роботтар кемесінде» Үнтаспада роботтар қимылына сай әуен ойналы, балалар робот қимылдарын көрсетеді.  Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс.</p>	
<p><b>IV. ҮД-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>-Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан?  -Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?  -Балаларды мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді.</p>	

Ұсыныс Балақарға мағалымға қолың иші түзетсіз

Әдіскер: Камза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
АА Өнерхан Алмагүл  
Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>Гүл көбелек</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Сәуір III-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру. Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; Қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	көбелек, гүлзар	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен үйе айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша поурри айтады.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау).	себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы.
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты!– деп, көбелекті гүлдерге қондырады. Балалар, біздің бақишамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлтырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен). Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады. Әнайту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) Педагог әнінің I-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді. Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен? Алендікөбелектер сияқты би билеп үйренейік. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.	

	<p>«Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).  Көбелек-ау, көбелек,  Ұшасың сен көлбеңдеп.  Қызыл, жасыл керемет  Гүлгеқоншы, көбелек!– деп балаларды ойынға шақырады.  «Вальс»ойналып, ырғақпенжеңіл қозғалуларын бақылайды.  Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».  Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету.  Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.</p>	
<p>IV. ҮІӘ-нің  қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>Қандай көбелектер бар екен?  Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді.  Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.</p>	

Ұсыныс Саусақпен және қолмен, ырғақты ойнағанда ұшу

Әдіскер: Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А.А. Өнерхан Алмагүл  
Т. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Менің сүйікті достарым»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Сәуір IV-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, достық туралы түсіндіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба? Саған қандай әндер ұнайды? Музыка тыңдағанды ұнатасың ба? Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. <b>Педагог:</b> Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма? «Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.	Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері
ҰІӨ-нің ортасы <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр? <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады. <b>Ән айту:</b> «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу. <b>Ой қозғау.</b> Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.	«Балалардың бақыты» әні  «Телқоңыр» күйі  «Достасайық бәріміз» әні «Соқыртеке» әні
<b>IV. ҰІӨ-нің</b>	Смайлкттер беру	Смайлкттер

қорытындысы.  
Рефлексия  
..... минут

Ұсыныс Музыка әлемімен ілесіп музыкалар тасалу

Әдіскер: Қайыр Камза Сайраңгүл

«Ботакан» орта топ тәрбиешілері:  
АН Онерхан Алмагүл  
Т Қанагат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>Міндеті</b>	Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау	
<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	Тату доспыз бәріміз	
<b>Күні:</b>	Мамыр I-апта	
<b>Топ:</b>	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшіті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшіті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Таныс әндердің не туралы екенін айта алады. Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба? Саған қандай әндер ұнайды? Музыка тыңдағанды ұнатасың ба? Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың?	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. <b>Педагог:</b> Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?	Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау: «Достар» Сөзі: Фариза Оңғарсынова</b> <b>Әні : Айжігіт Асанов</b> Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екіңде айтылып отыр? <b>Дауыс жаттығулары: «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау.</b> Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады. <b>Мига шабуыл</b> Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.	

	<p><b>Ән айту:</b> «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. <b>Ой қозғау.</b></p> <p><b>Сұрақ – жауап.</b> Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайліктер беру</p>	<p>Смайліктер</p>

Ұсыныс жабаларды шауыптан - мадақтау

Әдіскер: Камза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
А.А. Өнерхан Алмагүл  
Т. Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Қызыл, жасыл, көк шарлар</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Мамыр II-апта</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасына ажыратуға үйрету.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	би қимылдарының қарапайым элементтерін қайталайды; шығарманың мазмұны мен сипатын, көңіл күйін түсінеді; әнді сипатына сәйкес орындайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	шар, құрсау	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>		
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</b>	Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсыалу. Марш (М. Раухвергер) ойналып, шеңбер бойымен жүріп, марш екпінімен тізені көтере адымдай басу. Балалар санына сай түрлі түсті шарларды дайындау, тарату. Шармен музыка жетекшісінің таңдауымен әуенге би қимылдарын көрсету.	әртүрлі шарлар, құрсаулар, нота хрестоматиясы.
<b>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс .....минут</b>	Кімдеқандай түсті шар? Қызыл, сары, көк шар, Қолымызда көп шар Әуеде қалқиды, Әніміз шалқиды. <b>Музыкатың дауы:</b> Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тыңдап көрейік. «Қуанамын» (М. Ержанов, өңдеген А. Исакова). Әннің көңіл күйімен сипатына балалардың көңілінаудару. <b>Әнайту:</b> «Шар» (Б. Дәлденбаев, Ж. Әбдірашев). Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну. «Әуеде қалқиды» деген жерде шарлардың қалықтата бұлғауы керек. «Торғай» (А. Райымқұлова) әнін қайталау, еске түсіру. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Кішкентай би» (Н. Александрова). Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету. Өткен ҰІӘ-де үйренген таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сай бірге қосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан) Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарына ажыратады.	

<p>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия ..... минут</p>	<p>Әннің көңіл-күйі қандай? – Кімге қандай музыкалық аспап ұнады? Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.</p>	
---	---	--

Ұсыныс Талақарға сай әуендері ислетілуі

Әдіскер: Камза Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:

АИ Өнерхан Алмагүл

Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰОҚ тақырыбы:</b>	«Менің музыкалық әлемім»	
<b>Күні:</b>	Мамыр III-апта	
<b>ТОП:</b>	Ортаңғы	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰОҚ-нің мақсаты:</b>	Музыкалық шығарманың сипатын ажырата алады.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды. Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Балалар: Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек. алмасу сұрақтары: Балабақша деген не? Сендерді таңертең кім қарсы алады? Бұл жерде не істеміз?	<b>Пікір</b>
<b>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰОҚ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0 -2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Жеңіл әуенді бубен аспабында ойнап, балаларға кезекпен ырғақты сезіне орындауды ұсыну. Музыка әлемі туралы мағұламат беру. Балалардың ой-қиялдары, армандары туралы әңгімелесу	<b>Бубен аспабы.</b>
<b>ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс .....минут</b>	Музыка тыңдау: «Балалығым балғын шағым» (муз. Е. Ташев, сөзі Т. Қажыбаев). Тыңдаған әннен алған әсерлерін, мазмұны, көңіл күйі туралы сұрау, әңгімелеу (көңілді, ашық-жарқын т.б.) Дауыс жаттығулары: «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен қол қимылдары арқылы жоғары, төмен көрсете білу. Ән айту: «Мен елімнің ертеңі» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Педагог әнді аспап-тың сүйемелдеумен орындап, балаларға сұрақтар қояды: – Қарқыны қандай? – Көңіл күйі қандай? – Ән мәтінінде не туралы айтылады? Бірнеше топтарға бөлініп, ән ырғағын шапалақтап, әрі қарай бубен ырғағымен көрсетуді ұсыну. Ырғақты дәл көрсете білуге үйрету. Аспаппен танысу: Бубен аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспап екенін ұғындыру. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: Қазақ биі «Айгөлек» (өңдеген Е. Лапин). Қазақтың кейбір ұлттық би элементтерімен таныстыру, суреттен көрсету. Балалар орындарынан тұрып, би қимылдарын қайталайды. Әуенге қосылып, мәнерлі қозғалыстар жасайды. Өздері ойдан шығарған би қимылдарымен көрсету. Екі топқа бөліну, бір топ би қимылдарын жасайды, екінші топ бубен аспаптарында ырғақпен ойнайды.	

<b>IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қатты шапалақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз.	
--	---	--

Ұсыныс Мектеп үзіндісін қарау

Әдіскер: Аманжол Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
Ал Өнерхан Алмагүл  
Т Қанағат Гүлнұр

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Қошақаным</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Мамыр IV-апта</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Ортаңғы</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Балалардың төрт түлік туралы білімдерін бекіте отырып тілдерін дамыту. Үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқор бола білуге баулу. Өз ұлтына, қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейту, өз ата дәстүрін сүйіп өсуге тәрбиелеу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Төрт түлікті ажырата алады. Өлең жолдарын бірге қайталап, айта алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Төл дегеніміз не? Қандай төлдерді білеміз? Құлыншақтың даусын салайық	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен ұйымдастыруға жауап береді	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыка залына қабылдау. Балалар шаттық шеңберін жасайды. Музыка әуенімен өлең жолдарының қимылын жасау. Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұйағын Бұзау оған ереді. Алға созып мойынын, Ойнақтайды ботақан. Көкке қарай мұрының, Шүйіреді бұзауқан.	Төлдердің суреті.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Төлдер көрмесі:</b> Мынау - сиыр. Сиырдың төлі - бұзау. Мынау - жылқы. Жылқының төлі - құлын. Мұнау - қой. Қойдың төлі - қозы. Мынау - түйе. Түйенің төлі - бота. <b>Көркем сөз: «Төрт түлікті шақыру»</b> Жылқыны - «Құрау-құрау». Сиырды - «Аухау -аухау» Түйені - «Көс-көс»	

	<p>Қойды –«пұшайт –пұшайт» деп шақырамыз  Ән үйрену. «Қошақаным қайда екен?»  Сөз. жаз: С.Асанов  Ән. жаз: Ә.Бейсеуов  Жазда атамның аулына,  Барып едім қыдырып  Бір қошақан алдымнан  Шықты ойнақтап жүгіріп.  Қ-сы:  Ақ мандайлы ай ма екен,  Арқа жүні майда екен  Кеттім қазір сағынып,  Қошақаным қайда екен.  Суреттерді қарайды, көркем сөзді қайталайды.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің  қорытындысы.  Рефлексия  ..... минут</p>	<p>Қортынды сұрақ-жауап.  Балаларды мадақтау.</p>	

Ұсыныс миң сөзін, мұзғала зүмімен үлестіре білу

Әдіскер: Ариф Камза Сайрангүл

«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:  
АА Өнерхан Алмагүл  
Т Қанағат Гүлнұр